

## **АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ГИПЕРТОНИЯ АУРУЫНЫҢ ІЛЕСПЕ ФОНЫ КЕЗІНДЕГІ КОВИД-19 РЕТРОСПЕКТИВТІ ТАЛДАУ**

Патологиялық анатомия және сот медицинасы кафедрасы

Жетекшілер м.ғ.к. Ахметова С.Ж., м.ғ.к. Калиев А.Р.

КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»

Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Ақтөбе облысының тұрғындары арасындағы артериялық гипертензия ауруы бар науқастардың Covid-19 ауруына шалдыққан кезіндегі бас миының морфологиялық және гистологиялық сипаттамасы зерттелінген болатын. Нәтижелер бойынша: деструктивті-продуктивті тромбоваскулит, ми ісінуі, көптеген қан кетулер салдарынан АГ ағымы жиі ауырлайтынын дәлелдеді.

### **SUMMARY**

Smaiyl M.E.

### **RETROSPECTIVE ANALYSIS OF COVID-19, WITH A COMORBID BACKGROUND HYPERTENSION AMONG RESIDENTS OF AKTOBE REGION**

Department of pathological anatomy and forensic medicine

Managers c.m.s. Akhmetova S.Zh., c.m.s. Kaliev A.R.

Non-profit joint stock company West Kazakhstan Marat Ospanov state medical university,

Aktobe city, Republic of Kazakhstan

Morphologically and histologically, brain tissue with arterial hypertension in patients with Covid-19 was studied, the results indicate that with Covid-19 in patients with arterial hypertension, the course is often aggravated by cerebral edema, with multiple hemorrhages, destructive and productive thrombovasculitis.

**УДК 616.24-092.9**

Жанаева М.Қ., Амангелдиева А.Б.

## **НАТРИЙ ТЕТРА БОРАТЫ ӘСЕРІ КЕЗІНДЕГІ ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАРДЫҢ ӨКПЕСІНДЕГІ АУАӨТКІЗГІШ ЖОЛДАРЫНЫҢ МОРФОФУНКЦИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Гистология кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.м. Ахаева А.Е.

КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»

Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

**Кілттік сөздер:** натрий тетрабораты, егеуқұйрықтың өкпесі, өкпенің ауа жүйесі, гистологиялық үлгі, өкпенің морфологиясы

**Өзектілігі.** Қазіргі уақытта қоршаған ортадағы қолайсыз факторлардың адам ағзасына әсері ауқымды өзектілікті қамтып отыр. Ғылыми – техникалық үдерістің қарқынды дамуы ортаның экологиялық өзгерген жағдайына әкеледі. Батыс Қазақстанның айтарлықтай аумақтарының тұрғындары алтывалентті хром мен бор байланысының төменгі концентрациясында ұзаққа созылған әсерге ұшырайды, ол жүрек – қантамырлар ауруларының, анемияның, нерв жүйесі, тыныс алу жүйесі ауруларының дамуына мүмкіндік туғызады. Сондықтан ластаушы заттар әсері кезінде тыныс алу мүшелерінің морфологиясын зерттеу өте маңызды болып табылады.

**Зерттеу мақсаты.** Натрий тетрабораты әсері кезіндегі егеуқұйрықтардың өкпесіндегі ауа өткізгіш жолдарының морфофункционалық сипаттамасын зерттеу.

**Материалдар мен әдістері.** Зерттеу материалы ретінде 10 тексіз аталық ақ егеуқұйрықтардың өкпесіне жасалған гистологиялық блоктар гистология кафедрасынан алынды. Материалды гистологиялық әдістерді қолдана отырып, зерттеу гистология кафедрасының морфологиялық лабораториясында жүргізілді. Гистологиялық парафинді блоктардан «Accu-Cut SRV» 200, Sacura Finetek, USA ротациялық микротомын қолдана отырып, қалыңдығы 4-5 мкм болатын кесінділер даярланды. Гистологиялық зерттеу үшін кесінділер гематоксилин – эозинмен боялды. Гистологиялық препараттар «Axio Lab A1» микроскопымен зерттеліп, AxioCam ERc5s сандық камерасын қолдана отырып суретке түсірілді.

**Нәтижелері мен талқылау.** Гистологиялық препараттардың талдауы натрий тетрабораты әсер еткен кезде тәжірибелік жануарлардың өкпесінде ауаөткізгіш құрылымдардына, респираторлы бөлімдерге, өкпенің интерстицийіне әсер етуі мүмкін морфологиялық өзгерістер кешені пайда болатынын көрсетті. Бронхтардың кілегей қабығында ісінулер, айтарлықтай лейкоцитарлы инфильтрация байқалады және лейкоциттердің ішінде лимфоциттер мен макрофагтар басымдылығымен сипатталады. Бронхтардың қуысында некроздалған эпителиоциттер мен лейкоциттер анықталады. Көптеген капиллярларда, артериолаларда және венулаларда қанның формалы элементтерінің іркілуі байқалды.

**Қорытынды.** Натрий тетрабораты аталық егеуқұйрықтардың өкпесінде ауаөткізгіш жолдарының эпителиальды және дәнекер тінді құрылымы және микроциркуляторлы арна тамырлары жағынан өзгерістер тудырды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Филлипова Т.М., Юшков Г.Г.,Игуменьцева В.В.Токсикология органических соединений бора // Вестник АНГТУ. – 2017. -№11. –С. 236-242.
- 2.Садыкова Н.Н., Маковлева О.А., Завалева С.М., Савина А., Чиркова Е.Н. Влияние табачного дыма на морфометрию лёгких крыс //Вестник тверского государственного университета. серия: биология и экология. – 2017.-№2.- С.21-26.
3. Джадранов Е.С., Ергазина М.Ж., ИбадуллаеваҒ.С., Красноштанов А.В., Красноштанов В.К., Жумабаева Ж.К.Структурные особенности легочной ткани некоторых видов лабораторных животных// Вестник КазНМУ.-2016.-№3. –С.1-4.40

#### **РЕЗЮМЕ**

Актюбинская область Республики Казахстан – регион, где широко распространены бор и его соединения.Цель данного исследования изучить морфофункциональную характеристику воздухопроводящих путей легких крыс при воздействии на организм тетрабората натрия.

#### **SUMMARY**

Aktobe of the Republic of Kazakhstan is a region where boron and its compounds are widespread.The purpose of this study is to study the morphofunctional characteristics of the airways of the lungs of rats when exposed to sodium tetraborate.